


«Аяла» санаторлық бобекжайы» КММ-сі

## «Бәріміз бірге мықтымыз»

Педагогтер арасында жарыс

Дене шынықтыру нұсқаушысы: Абдибаева С.

2024 оку жылы



**Тақырыбы:** «Бәріміз бірге мықтымыз» тәрбиешілер арасында спорттық сайыс

**Мақсаты:** Бебекжай ұжымының спортқа деген қызығушылығын арттыру, қимыл қозгалыстарын жетілдіру, ептілік, шапшандыққа баулу. Бір орта мақсатты жұмыла бірігүе, ұйымшылдыққа баулып, қимыл әрекетке жаттықтыру. Салауатты өмір салтын насиҳаттауга және спортпен шұғылданып тұруға шақыру. Күш куат пен секіргіштікті дамыту.

**Жүргізуши:** Құрметті бебекжай ұстаздары, басшылары және қонақтары бүгін біздің бебекжаймыздың үлкен спорттық мереке. Бүгінгі біздің жарысқа тәрбиешілер мен пән мұғалімдері және тәрбиеші көмекшілері мен басшылықтан ұстаздарымыз қатысқалы отыр. Олай болса ұжымдастармен бірге орындайтын спорттық өнерлерін көрсетуде, жылдам, епті, ұйымшылдық және көзілді екенін көрген қандай қуаныш. Біз онда ұстаздарымызға сәт сапар тілейміз.

Спорт- көркі өмірдің,

Спорт – досың, серігің.

Жаттықсан шымыр боларсың,

Шынығып, өсіп толарсың,-

демекші салауатты өмір салтын ұстанып, спорттық серік етейік.

**Жүргізуши:** Сайысқа қатысқалы отырған қатысушыларымыздың кеудесінде өздерінің тәс белгісі болады.

**Жүргізуши:** Бүгінгі сайымыз 8 турдан тұрады ойын атауымен таныс болыңыздар.

1. Таныстыру.
2. Кім шапшаң?
3. Қайраттылар.
4. Кім епті?
5. Қазақтың ұлттық ойыны «Бестемше»

Қасиетті жердің,

Егеменді елдің

Біз шыныққан шымыр ұланы.

Самғай биік ұшқан,

Фарыш тәсін құшқан

Күрыш қайрат қайсар қыраны

Ұстаздарды тандап,

Шебержлікті шындалап,

Дайындалып келдік жарысқа.

Достарымды демеп,

Тобымызды жебеп.

Үлес қосам ортақ табысқа,- деп келген бүгінгі сайысқа қатысушыларымызды қолдап ойынымыздың бірінші кезеңіне кезек берейік.

## **1. Ойынның аты: Таныстыру.**

**Ойынның шарты:** Катысушылар өз командасын және төс белгілерін толық таныстырып өтеді. Жақсы таныстырган катысушыға жоғары ұпай беріледі.

## **2. Ойынның аты: Кім шапшаң?**

**Ойынның шарты:** Катысушылар мәре сзығынан жүгіріп келеді де келесі катысушыға қолындағы таяқшаны береді таяқшаны алған қатысушы жүгіруді жалғастырады. Бірінші келген командаға жоғары ұпай беріледі жеңімпаз атанады.

## **3. Ойынның аты: Қайраттылар.**

**Ойынның шарты:** Арқан тартыс ойыны бірінші екі команда арқан тартады содан женген команда үшінші командамен арқан тартысады, үшінші екі женген команда тартыска түседі содан ұтқан команда жеңімпаз атанады.

## **4. Ойынның аты: Кім епті?**

**Ойынның шарты:** Катысушылар мәре сзығынан сөре сзығына кедергілер арасымен аяғына қап киіп алып секіріп барып кері қайтады. Бірінші келген команда жеңімпаз атанады.

## **5. Ойынның аты: «Бестемше»**

**Ойынның шарты:** Бестемше ойыны арнайы тақтада ойнатылады. Ойын тақтасы 2 орда, 10 отау, 50 шардан тұрады. Жүріс ойыншылар тарапынан кезектесіп жүріледі. Жүріс жасау үшін өз жағыындағы отаулардың бірінен бар шарды алып, біреуін орнына қалдырып, солдан онға қарай бір бірлеп таратамыз. Егер соңғы шар қарсыластың тақ санды шары бар отауына түсіп, ондағы шарды жұп қылса сол отаудағы шарлар ұтып алынып, өз ордамызға салынады. Егер соңғы шар қарсыластың отауына түсіп, ондағы шардың саны тақ болса немесе өз отауымызға түссе, шар ұтып алынбайды.

Өнерге бейік сеніңіз,  
Думанға қызық келіңіз,  
Әділқазы ел сенген,  
Өнерге баға беріңіз!

